

**"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 21/171 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 27/224 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 мамырда № 2424 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 3/27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 16.04.2021 № 3/27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 21/171 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 28 қазандағы № 2305 болып тіркелген, 2013 жылғы 6 қарашадағы № 45 "Жаңаөзен" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

9 тармақтың 1, 4, 5 тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"1) 22 наурыз –Наурыз мерекесі:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежедегі "Ана данқы" орденімен марапатталғандарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш";

"бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш";

"4) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (балаларға) алушыларға – 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш";

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш";

Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын тұлғалар санаты – 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;

"бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш";

"5) 6 қазан – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні:

Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш";

9 тармақ 7, 8, 9, 10 тармақшалармен толықтырылсын:

"7) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш";

"8) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендер қатарына жататын азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге.";

"9) 1 маусым – Балаларды қорғау күні:

он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.";

"10) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш";

13 тармақ жаңа редакцияда жазылсын.

"13. Өтініш жасалған айдың алдындағы 12 айда жан басына шаққандағы орташа табысы, Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 (бір жарым) еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар мүгедек студенттерге Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында шектеусіз мамандық таңдауға, оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек жергілікті бюджет қаражаты есебінен ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жылына бір рет, білім беру ұйымдарына оқуды төлеуге арналған нақты шығындар бойынша және ай сайын бөліп төлеу арқылы жабатын тамақтану мен тұру шығындарына 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экология, қоғамдық қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Р.Таумұрынов).

3. Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппарат басшысы (И. Орынбеков) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б.Нурбасинова

Қалалық мәслихат

хатшысы

С.Мыңбай

КЕЛІСІЛДІ:

"Жаңаөзен қалалық жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б.Маркашова

23 сәуір 2014 ж.

"Жаңаөзен қалалық экономика және

бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н.Ғұмарова

23 сәуір 2014 ж.

